Халқымыз әдебиет пен өнердегі, ғылым мен саясаттағы кейінгі ұрпаққа белгісіз болып, олардың ұлттық рухани сана-сезімін аяусыз әйсыратып келе жатқан тарихтың ақтаңдақ парақтарын бірте-бірте толықтырып, бүкіл бір ұлттың мақтанышына айналған жарқын бейнелермен қайта көрісіп, қайғы мен қуаныш сезімін бастарынан қатар кешіруде. Әр салада да елінің намысын ту қылып ұстаған тұңғыштарының ерлігін паш етіп, оның өнегелі өмірін мақтан ету — ұлтшылдық емес, айналайын қазағымның абыройы мен мерейін көтеру емес пе!

Сондай тұңғыштардың бірі — 1933 жылы 9-ұшқыштар мектебін (қазір екі мәрте Совет Одағының Батыры С. И. Грицевец атындағы Қызыл Жұлдыз орденді Харьков жоғары әскери авиация училищесі) бітіріп шыққан Жақыпбек Малдыбаев. «Жоқ, одан да бұрын бітірген қазақ жігіттері бар» деп дау айтып, нақты дәлелдермен таласқа түсем деушілерге қарсылық жоқ. Негізгі мақсатымыз-есімі белгісіз, авиация тылын алғаш игерген ұлттық батырларымызды кеш болса да елінің лайықты биік тұғырына қондыру. Сондықтан да архив материалдарын ақтару, марқұмның туған-туысқандарымен кездесулер нәтижесінде дүниеге келген мынау деректі очеркті оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

ТАҒДЫР

Қазақтың тұңғыш ұшқышы

АЛТЫН қазушылардың шағын ғана приискісі — Майқапшағайда (қазіргі Марқакөл ауданында болған) маңдайшасына алғаш рет Қызыл жалау желбіретіп, бұл үйдің осал еместігін дәлелдеген Малдыбайдың шұрық-шұрық киіз үйі болды. Үй иесінің дәулеті азан шақырып қойған атына керегар — ішіп-жемі тақ-тұқ қана жетіп отыратын. Әйелі он үш құрсақ көтергенімен, көз алдындағысы — бесеу. Бар ауыртпалықты бастарынан өткеріп қатыгез кезеңнің аяусыз ірiктеуіне төтеп берген сайдың тасындай бес ұл — Малдыбайдың бар байлығы, қуанышы. Мынау қараша үйдің маңдайшасындағы алқызыл жалауды тіктірген де сол ұлдардың үлкені — Омар. Өзі көлденең көзге елеусіз, сонау Күйган аймағынан осында өгіз арбамен оқ-дәрі тасиды. Ал Омар — осы өңірдегі бандыларды үстем тап ретінде жоюға келген арнаулы қызылдар отрядының жолбасшысы.

Біршама тыныштала ғалымен Күршім, Марқа өңірінің қазақтары арғы бетке өтіп жатты. Ат құйрығын несіскендері де, адасқандар да бар араларында. Топ-топқа бөлініп, айналып соғып, бейбіт елдің берекесін ұшырып, банды атанып, тау-тасты сағалап жүргендер көп.

Сол аласапыран кезеңде Малдыбайдың екінші ұлы Жақыпбек аз уақыт приискінің жылқысын бақты, шахтаға түсті, Айыркезең жақта тері илейтін орыстар болушы еді, соған жалданып жұмыс істеді. Оқуға зеректігі арқасында ауылда «бала молда» атанған Жақыпбек көзі ашық, өзі де гысық, ширақ, қара күшке мығым кеспелтек Омарға қарағанда ұзын бойлы, сымбатты жігіт болып өсті. Ел ішіндегі лаңды басуға, жергілікті жерде кеңес өкіметінің саясатын орнатуға белсене араласты.

Таптың туын көтеріп биік,
Жауларды құдық таулар-ды кезген.
Үлеске біздің — күрестер тиіп,
Кездер де болды ұйқыдан безген, — деген жалынды жолдарды Жақыпбектің өлеңі деп ауыл жастары ауыздарынан тастамайтын. Ол қаламы мен қаруын қоса жұмсап Зайсан, Марқакөл өңірінде тап жауларымен алыбай күресті, чекистерге басшылық жасады. 1928 жылы Зайсан ауыл Советінде қызмет етіп, аудандық жалшылар комитетінің төрағасы болып сайланды. Жалшы, батырақтардың, есесі кеткен кедей-кепшіктердің арыз-шағымдарын тыңдап, байларда кеткен ақысын сотсыз, өзі өндіріп беріп отырды. Өжет, қайсар қажырлы, жанып тұрған от еді.

Әкесінің жасы келіп, үкімет пенсия тағайындағанда:

— Қазір, міне, Омар екеуіміз асыраймыз, ертең әне үш бірдей ұлың өсіп келеді, үкімет саған берстін ақшасын басқа бірдеңеге жаратсын, — деп Малдыбай шалға пенсия да алғызбай қойған.

1929 жылы жиырма екі жасқа қараған шағында Жақыпбек арыз жазып, өзі тіленіп Қызыл әскер қатарына алынды. Сол ақпан айының он үшінші жұлдызында ол Түрікменнің Мерв қаласында орналасқан Түркістан ерекше атты әскер бригадасының 82-полкына қызметке келді. Бұл ең алғашында 1918 жылғы I сәуірде Саратов қаласында советтік бірінші Саратов атты әскер полкы болып құрылған, оралдық қазақтарға қарсы, Қоканд, Наманган, Ош, Хиуадағы басмашыларға қарсы операцияларға қатысып, үлкен ұрыстарда сынақтан өтіп, шыңдалған әскери құрама болатын.

Осы құрамаға Жақыпбек келген жылы да ішкі, сыртқы жаулармен - басмашылармен күрес толас таппаған, дүрбелеңі мол кезең еді. Ауғанстан жақтан Ибрагим бектің, Батыс Қытайдан Ады Ходжаевтың жырынды жігіттері, Түркменстанда, оның ішінде Мерв ауданының өзінде Атабай, Құдайберді, Мирбек, Шамсудин сияқты әулеттілердің маңына топтасқан басмашылар малды құм ішіне айдап кетіп, бүкіл ауылдарды арғы бетке өткізіп, ермегендерін қынадай қырып, талай қанды қырғын салды. Өзін «Түркімен көтерілісшілерінің көсемімін» деп атаған Оразгелдінің қарақшыларының ізіне Жақыпбектер құм ішінде жеті күн түсіп, ақыры Хангали құдығының жанындағы қанды соғыста қолға түсірді. Москвадағы Совет Армиясының Орталық мемлекеттік архивіндегі (САОМА) Бацкалевич басқарған осы 82-атты әскер полкінің атақты Қарақұм жорығы жайлы материалдарын оқып отырғанда «Тамыздың шаңқай түсі» фильміндегі Суховтың басынан өткізген қиындықтарын Жақыпбектердің де бастарынан өткергендерін өз көзімен көргендей боласың. Қара тасты қайнатар аптап пен аңызақта, кеңелесі кеуіп, бірін-бірі сүйреген жаралы жандар мен осынау жалынды бет шарпыр қызғылт құмда мәңгіге көз жұмып, көміліп жатқан пақырларды елестетесің.

Жақыпбек те осындай қиын-қыстау кезеңде қайнаған ұрыстың бел ортасында жүрді. Полк мектебін бітіріп, бөлімше басқарды, взвод командирінің көмекшісі болды. Осында жүріп 1930 жылғы маусым айының 22-күні большевиктер партиясының қатарына өтті. Жақыпбек 8-ерекше атты әскер бригадасы партия комиссиясының мүшесі болып, полкта айтарлықтай беделге ие болды. Мәселен, 1931 жылғы 6-сәуірде өткен полк коммунистерінің жалпы жиналысында бригадалық УП партия конференциясына делегаттар сайлау жөнінде мәселе қаралыпты. Оған шешуші дауыспен сайланған 25 адамның біреуі — Малдыбаев Жақыпбек. Одан қайтып келген соң, Жақыпбек полктағы коммунистер мен комсомолецтерге өзінің конференциядан алған әсерлерін, конференция жұмысында жіберілген кемшіліктер мен ескерілмеген ағаттықтар жайлы айтып берді (САОМА. ф. 8489, оп 2)...

1932 жылғы наурыз айының 28-де РККА-ның кіші командирі Жақыпбек Малдыбаев В. И. Ленин атындағы біріккен Орта Азия әскери мектебінің атты әскер бөлімшесінің бірден үшінші курсына қабылданып, взвод командирі дәрежесінде бітіріп шықты. Жақыпбектерден кейін РККА Бас басқармасы мен әскери оқу орындары бастығының № 94967/5 арнайы бұйрығы бойынша барлық әскери жаяу әскерлер мектептерінде жеделдете оқыту бөлімдері жабылып, олар үш жылдық оқуға көшірілді. 1927 жылы СССР революциялық-әскери советінің бұйрығымен құрылған бұл мектеп те басмашыларға қарсы әйгілі Қарақұм жорығындағы ерлігі үшін Түрікмен ССР-інің Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған, өз қабырғасынан Қызыл Армия үшін мыңдаған ұлттық әскери командирлер дайындап шығарған қара шаңырақтың бірі (1937 жылғы сәуірден бастап осы мектептің негізінде Ташкент әскери училищесі құрылды). Мектепті бітіргендегі Жақыпбек Малдыбаевқа берілген қысқаша мінездемеден де көп жайға қанығуға болады: «Жалпы білім деңгейі мен жалпы дамуы әлі де жетіліксіз. (Жетілдіре түсуді қажет етеді деген мағынада. Авт.). Денсаулығы мықты, шыдамды. Әскери және деке шынықтыру даярлығы қанағаттанарлық. Саяси-моральдық жағдайы жақсы. Тәртіпті, табанды, командирлік тілді ойдағыдай меңгерген. Оқыған оқу курсын игеруі, саяси әзірлігі — қанағаттанарлық. Ату ісін игеріп, жеке қаруды ойдағыдай қолдана алады.

Жолдастарымен қарым-қатынасы жақсы. Қоғамдық жұмысқа қатысады. Пулемет взводының командирі міндетін өз деңгейінде атқарады.

Мектептің бастық — комиссары (Малышев).
Мектептің штаб бастығы — (Яковлев).
(САОМА. ф. 25046. оп. 4 56-іс).

Осы 1932 жылы бұл мектепті ойдағыдай бітіріп, РККА командирі атағын алған жерлесіміз Жақыпбек Малдыбаев СССР Революциялық Әскери Советінің 1933 жылғы 1 қаңтарындағы № 22 бұйрығымен ұшқыштар және ұшқыш-бақылаушылар даярлайтын 9 — әскери мектепке қабылданады. Бұлардың мектебінен жіберілген он екі адамның (Жақыпбектен басқа қазақ жоқ) біразы сабақты үлгермегендіктен оқи алмай, қайтадан әскери құрамаларға қызметке қайтарылды.

АЛ ЕНДІ Малдыбаевтың қазақтың тұңғыш ұшқышы екендігін қандай негіздерге сүйеніп айтып отырмыз, соған аздап тоқталайық.

Әскери ұшқыштардың 9-мектебі Совет үкіметінің шешімімен 1930 жылғы қарашада Харьков қаласының оңтүстік шығысындағы Рогань теміржол станциясы маңайында құрылған (1938 жылы осы мектеп негізінде Харьков әскери-авиациялық штурмандар училищесі және Чугев әскери-авиациялық ұшқыштар училищесі құрылған). Жақыпбектер — осы оқу орнының екінші түлектері. Мен мектептің екі жылғы түлектерінің тізімдерін мұқият қарап, Малдыбаевтан басқа қазақ фамилиясын кездестірмедім.

Харьков авиация училищесі музейінің директоры М. Е. Калижниковтың ақылымен олардан бұрын 1928 жылғы 31-тамызда құрылған 7-авиация мектебінің (Орынбор авиация училищесі) бірнеше жылғы оқушыларының тізімдерін қарап шықтым. 1929—1934 жылдары Орынбор мектебінде орыстардан басқа осетин, мордва, поляк, чуваш, неміс, татар, грузин, башқұрт, латыш, корейлер оқыпты, қазақ жоқ. Ұлты жазылмаған Қадыров Рахман Султанович деген адам оқыған екен бірақ үлгере алмауы себепті 1930 жылғы 20 августа мектептен шығып қалған.

Ворошилов атындағы 3-әскери ұшқыштар мектебінің (Приволжье округі) 1929—31 жылдардағы оқушыларының тізімінен де (қытайлар оқыпты). 1923 жылы құрылған Борисоглебск әскери-авиация мектебінің документтерінен де ондай деректер табылмады.

Демек, Жақыпбек Малдыбаев — 1933 жылдың 1 қаңтарында әскери ұшқыштар мектебінің табалдырығын қазақ жігіттерінің ішінен тұңғыш аттаған азамат.

1933 жылғы 14 желтоқсандағы РККА-ның Әскери Әуе күштерінің жеке құрамы жөніндегі [illegible] бұйрығы бойынша 9-әскери ұшқыштар мектебін бітірген 484 адамның он тоғызына, оның ішінде [illegible] бар, «Әскери ұшқыш-бақылаушы» атағы беріліп, Мостандағы РККА-ның Әскери Әуе күштері жанындағы әскери арнайы қызмет мектебіне, фотоқызмет бастығының курсына қабылданады.

(САОМА ф-34403, оп. 2; 285-іс).

Жақыпбек бұл курсты 1934 жылғы 24 шілдеде бітіріп, Орта Азия әскери округінің Сталинабад қаласындағы Свердлов атындағы 40-ерекше авиациялық отрядына аға ұшқыш-бақылаушы (қазіргіше — аға штурман) сонымен қатар фотослужба бастығы болып тағайындалды...

Сол жылы күзде Жақыпбек өз өмірінде тұңғыш рет 75 күндік демалыс алып, сонау Шығыс Қазақстанның Марқакөл ауданындағы Ебейбек ауылына келді. Шағын ауыл ел үшін туған ер жігітін хан көтеріп, той жасап қарсы алды. Малдыбай шалдың қараша үйі осы өңірдегі қарапайым шаруа күйған қазақтар үшін бүкіл әлемнің кіндігіне айналып, мәре-сәре болысты.

Жақыпбек орталықтағы тым жыраққа жадағай тіршілік кешіп, шау тартқан әкесін бауырларымен бірге Зайсанға көшіріп әкеледі. Ағасы Омар — колхозда, інісі Шәри Семейдегі мұғалімдер курсында болатын.

— Әке, елді сағынғанда жанымда болсын, әрі оқу оқып адам болсын, мен мына Әбілбекті өзіммен бірге ала кетейін, — деп, шалкемпірдің жанына Омар мен мектепте оқитын ең кенже інісі Құмарбекті қалдырып, қайтарында бір інісін Сталинабадқа ала кетті.

Әбілбек Сталинабадтағы медицина училищесіне оқуға түсті. Жақыпбек сол жылы Юлия деген дәрігер орыс қызына үйленіп, семья құрды.

Архив материалдарын ақтарып отырғанда Жақыпбектің өз заманының алғыр да зерек, иялы азаматтарының бірі, қай салада болмасын өз теңдестерінің алдыңғы қатарында болғанына көз жеткізіп, «туған ту ағасы» деп ризалық білдіріп отырасың.

Штурмандық қызметтен барлығы да хабардар болуы керек деп ол отряд ұшқыштарына аэрофотобарлау, аэронавигация, тактикадан курстар ұйымдастырып, сабақ берген, бірнеше алғыстар алған. 1937 жылы Әскери-Әуе күштерінің мерекелік парадына осы отрядтан қатысқан үш экипаждың біреуін лейтенанттар Малдыбаев пен Мамонтов басқарады (ф. 35861. оп. I).

1937 жылғы 19 маусымда аға ұшқыш-бақылаушы Малдыбаев Жақыпбек звеноның флагштурманы қызметіне тағайындалады. Флагштурман — звено командирінің экипажында ұшатын бас штурман. Ол ұшу бағытын белгілеп, уақытты есептеп, бұйрық беріп, командирге қажетті деректер беріп отырады.

Совет Одағының Батыры, авиация генерал-полковнигі Г. Байдуков 1936 жылы өзінің Солтүстік мұзды мұхит, арқылы Удд аралына, 1937 жылы Солтүстік полюс арқылы Москвадан АҚШ-қа ұшу сапарларында штурман Александр Васильевич Беляковты үнемі бірге алып жүрген ғой.

«Мен түрлі аспаптардан гөрі Сашаға көп сенемін. Соның айтқан бағытынан таңбасам, барлығы да ойдағыдай болады» деп атақты флагштурман Беляков жайлы өзінің естелігінде Чкалов та штурман қызметін аса жоғары бағалайды. Кім біледі, өмірі тым өкінішті жағдайда ерте үзілмегенде Жақыпбек те ондай жоғары баға, үлкен атаққа ие болар еді.

Архив материалдарында Жақыпбек Малдыбаевтың Москвадағы Жуковский атындағы Әскери-Әуе академиясында оқығандығы туралы деректер де бар екен.

А. ҚАСЫМОВ.

(Жалғасы бар).